

«Мен Отанның бақытты ұлымын»

Жүргізуші. Саламатсыздарма құрметті ата аналар ,кішкене бүлдіршіндер және балабақша ұжымы.Баршаңызды 25қазан Республика күні мерекесімен «Жұлдыз» мектепалды тобы атынан шын жүректен құттықтаймыз.Баршаңызға отбасылық бақыт,дендеріңізге саулық,еңбектеріңізге жеміс,мерекелік шат көңіл тілеймін. Бұл мереке салтанатты болғандықтан еліміздің гимінімен ашуға рұқсат етіңіздер.

ҚР Гимні.

Жүргізуші: Көк туым көтерілді бағым жаныа,Елтаңбам күллі әлемге танылды анық.Шырқадық әнұранды бар дауыспенАрманым ата заңым қабылданды.

Балалар біз қандай тілде сөйлейміз?

-Қазақ тілінде.

-Біздің мемлекетіміз қалай аталады?

-Біздің Республикамыз қалай аталады?

-Қазақстан!

Елбасымыз кім?

Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев.

Ал балалар бүгінгі өткізіп жатқан шарамыз қандай мерекеге арналып жатыр.?

Республика күні

Дұрыс балалар өте жақсы жауап бердіңдер.бүгін Республика күнін біздер ерекше қуанышпен тойлаймыз.Олай болса балалар Отан жайлы өлең жолдарымен ортаға

Аяна Жарасқан байрақтың мәні бар,

Көк аспан көк қыран сәні бар

Көк байрақ ашық көк кеңісін

Алтын күн белгісі жеңістің.

Жасмин Отан сенің ата анаң

Отан досың бауырың

Отан өлкең астанаң

Отан аудан ауылың.

Ж.Мансур. Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі

Мықты болсын еліміздің керегесі

Тату тәтті бұл халқымыз әрқашанда

Кетпесін туған жердің берекесі.

Азат Отан Отан Отан әкем

Осы сөзім қатеме екен?

Қате болса неге біздер

Дейміз оны Атамекен.

Жүргізуші: «Мен қазақ,қазақпын деп мақтанамын,

Ұранға Алаш деген атты аламын»

деп азаттықты аңсаған,сол жолда аянбай еңбек еткен азаматтарымыздың барлығы да қуғын сүргінге ұшырап,құрбан болды,Қыршаннан кеткен арыстардың аманаты арқалаған кейінгі толқын 1986жылы желтоқсанда тәуелсіздік үшін күресе білді.

М.Мадина Аралаймын аланды,

Тәуелсіздік күнімен

Батыр Қайрат ағамның

Суретіне үңілем.

Жүргізуші келесі кезекте балалардың Отанға деген әнін тыңдауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші Балалар халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен.

«Отан үшін отқа түс күймейсің» деп басқада батыр ағаларымыз,апаларымыз Отан деп жырлаған,қорғаған,қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Бізде осы ата апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек.Отан үшін еңбек ету керек.Сендердің еңбектерің сендердің жақсы оқығандарың,тәртіпті болғандарың.

Ал балалар біз Отан туралы мақал мәтел білемізбе?

Айзере Отан елдің анасы,
Ел ердің анасы.

Айша Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

А.Мансур. Отансыз адам,
Ормансыз бұлбұл.

Ал ендеше қыздарымыздың биін тамашалайық.

Би: «Қазақ қыздары»

Жүргізуші жарайсыңдарбалалар.

Қазақстан туған жерім, мақтанышым.

Өзің жайлы қанша жырды жаттадым.

Ертеңдерге шақырады еріксіз.

Әр күн күліп, атқан таң тақым

Қазақстан туған жерім мақтанышым

Жемістерін ұсынады бақтарың

Одан сайын даңқы өтті әлемге

Байқоңырың ең байлығын ақ нанын.

Ендеше келесі өлең жолдарымен бүлдіршіндерді шақырамыз

М.Алихан Мерекеге шығады

Бүкіл халық біліп қой

Отандастар ұғады

Тәуелсіздің ұлы той

Б. Алихан Толтырған гүлге даланы

Жайнатқан ауыл қаланы

Ардақты атамекенім

Отаным Қазақстаным.

Ән; «Тәуелсіздік тірегім!»

Жүргізуші Бір басында кемеңгерлік, даналық

Елін сүйген елі үшін жаралып,

Сол кісідей болса болсын әр алып,

Адамдықтың аласармас үлгісі,

Бір өзінен жатқаны шын таралып

Бүгін міне Республика күніне

Әсем әнді шырқата бір салайық, деп ортағабалардан ән

Ән; «Тәуелсіздік тірегім!»

Жүргізуші Ендеше келесі кезекте ұлдарымызбен қазақша ұлттық ойындарының бірі қанталапай ойынымен ортаға шақырамыз,

Ойын: «Қанталапай» Шарты: Асықтарды ортаға шашып балалар өз ара бөлісіп алады. Әр бала қанша асық түскенін санайды. Арасында кімге хан атты қызыл асық түссесол ойынды бастайды. Кім ұтылып қалса сол балаға сұрақ қойылады.

Жүргізуші ендеше балаларымыз тек ән айтып қана қоймай биді де өте керемет билейді.

Ұлдар биі: «Біздің жігіттер»

Қорытынды сөз.

Жүргізуші Қаншама азапқа түсіп, қуғын сүргінге ұшыраса да өзаә халқы бәріне

шыдай білді. Осыдан 31 жыл бұрын егемендігімізді жариялап Тәуелсіздікке қол

жеткіздік. Бұл ғасырлар бойы біздің яғни қазақ халқының аңсаған арманы

еді. Ертеңгілігімізді қортындылай келе осымен бүгінгі ертеңгілігіміз өз мәресіне

жетті. Республика мерекесімен барлықтарыңызды шын жүректен

құттықтаймыз. Сіздерге отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, осы

балалпандар Қазақстанымыздың туын желбіретіп, биік шыңынан көрінетін азамат пен

азаматшалар болуына тілектеспіз. Қош сау болыңыздар.







